



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 21/406
29 мая 2015 года

Вестник

Қала мектептерінен арнайы репортаж

СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ СЫҢҒЫРЫ

Талай жылдардан бері дәстүрге айналған, мектеп түлектерінің ұшқан ұяларымен қоштасатын соңғы қоңырау салтанаты мамырдың 25-жұлдызында еліміздің барлық мектептерінде өткізілгені белгілі. Осындай шара қаламыздағы №1 қазақ орта мектебінде де аталып өтті.

«Соңғы қоңырау» салтанаты бұл қазақ орта мектебінде бала санының көптігіне байланысты мамырдың 24 және 25 күндері ұйымдастырылды. Алғашқы күнгі соңғы қоңырау салтанаты 2-8 сыныптардың қасуымен өтті. Бұған құрметті қонақтар, ата-аналар, ұстаздар мен шәкірттер қатысты. Биыл бастауыш мектепті бітіретін 4-сыныптар оқушыларының сынып жетекшілері Г.Ә.Мұратова, А.М.Сәрсенбаева, Ж.Ж.Мықтыбаева және Р.Т.Артықмұратовалар зор қошеметпен ортаға шақырылған соң, мектеп директоры П.А.Жұмаханова жиылғандарды оқу жылының



қала әкімі Қ.А.Камзин құттықтап, қоғамымыздың болашақ құрушыларына ҰБТ-ны табысты тапсырып, алдағы уақытта жоғарғы оқу орынына түсулеріне, жақсы азаматтар болып өсулеріне сәт сапар тіледі. Мектеп директоры П.А.Жұмаханова барша жұртты бүгінгі атаулы мерекемен құттықтады және мектептің үстіміздегі жылғы қол жеткізген жетістіктеріне, оған үлес қосқандардың жемісті еңбектеріне айрықша тоқталып, ҰБТ-дан биылғы жылы қала бойынша жоғары жетістіктер күтетіндігін мәлімдеді. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.О.Өтегенова мектеп үздіктерін, олимпиада және түрлі жарыстар мен байқаулардың жеңімпаздарын марапаттау туралы директор бұйрығымен таныстырып, ұстаздар, оқушылар мен жас түлектер марапатталды.



аяқталуымен құттықтады. Бұдан соң мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.О.Өтегенова 2014-15 оқу жылындағы мектеп директорының бұйрығымен таныстырып, ұстаздар, оқушылар әртүрлі марапаттармен атап өтілді. 4-сынып оқушылары мектебіне, ұстаздарына арнаған әндерін орындап, жыр шумақтарын оқып берді.

Соңғы қоңырау салтанаты келесі күні жалғасын тапты. Бұған 1-сыныптар мен жоғарғы сынып оқушылары, аталмыш шараның себепшісі болып табылатын мектеп бітіруші түлектер, қала әкімі Қ.А.Камзин, қалалық мәслихат хатшысы Б.М.Сәрсембеков және «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Д.О.Дүйсембаев, ата-аналар мен құрметті қонақтар қатысты. Соңғы қоңырау салтанаты ашық деп жарияланған соң, салтанатты түрде еліміздің Мемлекеттік Туы енгізіліп, Әнұраны орындалды. Бұдан әрі жас түлектер рет-ретімен ресми түрде ортаға шақырылып, З.Ералиеваның жетекшілігіндегі 11-«а», А.Қалжанова жетек-

шілік ететін 11-«ә», З.Мұратасилованың жетекшілігіндегі 11-«б» сыныптары зор қошемет, ыстық ықыласпен органы шенбер жасай айналып өтіп, өз орындарынан табылды.



Жас түлектер мен шараға жиналғандарды

сынып оқушылары мектеп бітіріп, үлкен өмір басқышына қадам қойғалы отырған аға-әпкелеріне арнаған жүрекжарды тілектерін тақпақтары арқылы жеткізді. Бұдан кейін мектеп бітіруші түлек Айдана Қанағатова топқа қосылып, кішкентай ізбасарына жыр шумақтары арқылы толқи тұрып аманат қалдырды және Алтын ұясымен қоштасты. Ал, өз кезегінде бүлдішіндер біргелікте аманатқа адал болатындарын айтып, ант берді. Осынау шағын сахналанған көрініс мұнда тұрғандардың қай-қайсысын да бежай қалдармағаны анық еді.

Жалпы ата-аналар атынан сөз алған Бағила Темірбекова шәкірт тәрбиелеп жүрген ұстаздарға деген алғысын білдіре отырып, жас түлектердің алдағы күндеріне жетістік, табыс, жақсылық тіледі.

(соны 2 бет.)

МЕКТЕП БІТІРУШІЛЕРДІҢ «АЛТЫН ҰЯСЫМЕН» ҚОШТАСУЫ

Мамырдың 25-жұлдызы күні күн ерекше жадырап, бүгінгі мерекенің өтуіне өте қолайлы болды. Өйткені көңілдерін қуаныш бөлеп, мектепке жиналған оқушылардың мектеп ауласында өтетін арнайы жиынға сәнді киініп келуіне ештеңе де бөгет емес сияқты еді. Бұл қаламыздағы №2 мектеп-балабақша кешенінде өтіп жатқан «Соңғы қоңырау» салтанаты болатын. Жүргізушілер жиынды «ашық» - деп жариялап, Қазақстан Республикасының Әнұраны ойналғаннан кейін, ортаға мектеп бітіруші түлектер шақырылды.

Алдымен мекеме басшысы Алтынбекова Қарлығаш Серікқызы сөз алып, өткен оқу жылындағы қол жеткізілген табыстарға



тады.

Сондай-ақ, облыстық және республикалық олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болған оқушылар мен олардың ұстаздарына қалалық білім бөлімі басшысының құрмет грамоталары, алғашқы әскери дайындықтағы табыстары үшін бір топ оқушыларға әрқери бөлім командирлерінің мадақтамалары және қалалық кітапханада өткізілген іс-шараларға белсене қатысқан оқушыларға қалалық кітапхана басшысының құрмет грамоталары табыс етілді.

Мадақтаулардан кейін кезек оқушылардың құттықтауларына берілді. Оқушылардың хоры жас түлектерге арнап өлең-тақпақ оқып, соның әнмен жалғастырды.

Оған қоса мектеп бітірушілердің өздері де



тоқталып өте келе, мектеп бітірушілерді салтанатты мерекемен құттықтап, үлкен өмірге басқан қадамдарына үлкен табыстар мен алда тұрған Ұлттық бірінші тестілеуден сүрінбей өтулерін тіледі. Одан кейін үздік оқыған мектеп оқушылары мен ұстаздық еңбектегі табыстары үшін бір топ мұғалімдерге мақтау қағаздары табыс етілді.

Келесі құттықтау сөз қала әкімі Камзин Қайрат Амангелдіұлына берілді. Қала әкімі мектеп бітірушілерді, барлық оқушылар мен мекеме ұжымын соңғы қоңырау мерекесімен құттықтай келе, жас түлектерге ҰБТ-де жақсы көрсеткіштерге жетуді тіледі. Сонымен қатар қала әкімі озат оқушылар



ұстаздарына деген алғыстарын айтып, құттықтауларын жеткізді. Артынан вальс биі орындалып, жас түлектердің қолдарынан аспанға ақ көгершіндер ұшырылды.

Бастауыш сынып оқушылары мектеп бітірушілерге сыйлықтарын сыйлағаннан кейін, салтанатты түрде «Соңғы қоңырау» соғылды. Толқығандарын қанша жасырамын дегендерімен де мектеп түлектерінің көздеріне жас толғанын байқадық. Осындай салтанатты жағдайда жиналған жұрт жас түлектерді шығарып салды.

Білім айдынында жүзген кемелерің үлкен өмірде де тоқтамай жүзе берсін, құрметті жас түлектер! Сендерге тілейтініміз табыс пен бақыт!



мен мұғалімдерді қала әкімінің құрмет грамотасымен және алғыс хатымен марапат-

Б. Алшынбекұлы



Назар аудар, конкурс!

Внимание, конкурс!

Қарағанды облысы әкімінің бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлеріне жыл сайын берілетін «Алтын Сұңқар» сыйлығын тағайындауға конкурсты өткізу туралы ЕРЕЖЕ

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің жұмысын мемлекеттік қолдау және ынталандыру мақсатында Қарағанды облысы әкімінің жыл сайынғы «Алтын сұңқар» сыйлығын тағайындауға конкурс өткізіледі.

Конкурсқа өз қызметін Қарағанды облысының аумағында жүзеге асырып жүрген бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері шақырылады.

Сыйлық көрсетілген өлшемдерді ескере отырып, келесі номинациялар бойынша тағайындалады:

«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін» облыс әкімінің арнайы сыйлығы – журналистиканы дамытудағы ерекше еңбегі үшін. Сыйлық нақты бір журналистке немесе ұжымға тапсырылуы мүмкін;

«Мамандыққа адалдығы үшін» – кәсіптік қызмет өтілі 20 жылдан артық, бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы марапаттарының, құрмет грамоталарының, озаттық белгілерінің, Қарағанды облысының қоғамдық ұйымдарының, кәсіподақтарының, діни бірлестіктерінің, мекемелері мен ведомствалардың ұсыным-міндемесінің болуы;

«Белсенді өмірлік ұстанымы үшін» – жоғары адамгершілік құндылықтарды, аға ұрпақты сыйлауды насихаттағаны және тәрбиелегені, соғыс және еңбек ардагерлерінің ерліктерін дәріптегені, қоғамдық тәртіпті, мәдениет және өзін-өзі ұстау нормаларын сақтауды, қоғамдық қауіпсіздікті нығайтуды, қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауды насихаттағаны үшін;

«Объектив шебері» - бұл номинацияда жеңімпазды анықтау өлшемі материалдың көркемдік құндылығы, бейненің статикалық еместігі және динамикасы, фото/бейнесуреттің берілген ақпаратқа сәйкестігі болып табылады;

«Ауыл тақырыбын үздік жариялау» - селолық аудандарды, Қарағанды облысының және жалпы Қазақстан экономикасының агроөнеркәсіптік секторын насихаттауға және дамытуға бағытталған ауыл шаруашылығы саласындағы жетістіктерді сапалық әрі сандық жағынан жариялау;

«Әлеуметтік тақырыпты үздік жариялау» – денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі саласындағы тақырыптарды сапалық және сандық жағынан жариялау, сондай-ақ материал беру мен кәсібиліктің бірегейлігі;

«Өндіріс тақырыбын үздік жариялау» - кәсіпкерлікті қолдау, шағын және орта бизнесті дамыту, индустриалды-инновациялық саясат, кластерлік бастама тақырыптарын сандық және сапалық жағынан жариялау;

«Алғашқы табыстары үшін» - ұсыным-сипаттама түрінде ресімделген әріптестерінің, шығармашылық одақтардың, қоғамдық бірлестіктердің құрметіне бөленген жас журналистің өзі көтерген мәселелерді жариялаудағы біліктілігі, кәсібилігі;

«Жылдың үздік шығармашылық жұмысы» - БАҚ-ты және/немесе жеке жоба, материалдар сериясын ұйымдастырудағы үздік идея, бағдарлама, шығармашылық тәсілі үшін берілетін номинация;

«Мәнер мен атқарымдылық үшін» - техникалық және шығармашылық қызметкерлерге: жоғары кәсібилікке ие дыбыстық режиссерлерге, режиссерлерге, корректорларға, беттеушілерге, инженерлерге, дизайнерлерге, бейнеинженерлерге арналған номинация;

«Еңбек адамы» тақырыбын үздік жариялағаны және насихаттағаны үшін» - еңбекшілер әулеті тақырыбын, олардың отбасы биографиясын, өндіріс, ауыл шаруашылығы озаттарының, әлеуметтік сала қызметкерлерінің өмірі мен қызметін сапалық және сандық жариялау. Бұл номинацияның материалдары оқырмандар мен көрермендерді еңбек етуге жігерлендіруі, өз өлкесінің атын шығаратын жоғары кәсіби сапаға ие адамдарды, еңбекті құрметтеуге тәрбиелеуі қажет.

Сыйлықтар Қарағанды облысы әкімінің сыйлығына лауреаттарды іріктеу жөніндегі комиссияның шешімімен конкурстың негізде тағайындалады.

Сыйлық беру жөніндегі комиссияның қарауына кандидаттарды газеттер мен журналдардың редакциялары, облыстың қалалары мен аудандарының әкімдері, сондай-ақ журналистердің өздері мен БАҚ қызметкерлері ұсынады. Ұсынысқа мыналар қоса тіркеледі:

-қысқаша өмірбаян;

-3 әр түрлі, көркем фотосурет;

-ақпараттық материалдар тізімі. Бір автор бірнеше материалдарын ұсына алады, алайда олардың саны 5-тен аспауы тиіс.

Әртүрлі жанрдағы материалдар (очерк, интервью, мақала, телевизиялық және радиохабарлар, әлеуметтік зерттеулер және т.б.), сондай-ақ жарияланымдар мен хабарлар топтамасы қабылданады.

Жарияланымдар түпнұсқада (толық басылымы берілгені дұрыс) немесе материалдардың ксерокшірмелері (басылымның атауы, мерзімі және авторымен хабарласудың толық мәліметтерімен қоса), радиобағдарламалар мен телехабарлар компанияның атауы мен эфирге шыққан күні көрсетіліп – тиісінше аудиожазба (кәдімгі аудио- кассеталармен) және бейнежазба (cd/dvd дискілері) түрінде өткізілуі тиіс.

Қысқаша өмірбаянды devvp_smi@mail.ru электронды мекен-жайына жіберу қажет.

Өтінімдер 2015 жылдың 28 мамыры - 17 маусымы аралығында Қарағанды к., Әлиханов көш., 13, каб. 410 (Ішкі саясат басқармасы) мекенжайы бойынша қабылданады.

Приозерск қаласының ішкі саясат бөлімі

ПОЛОЖЕНИЕ о проведении ежегодного конкурса на присуждение премии акима Карагандинской области «Алтын Сұңқар», присуждаемой работникам средств массовой информации

В целях государственной поддержки и стимулирования деятельности работников средств массовой информации проводится конкурс на присуждение Ежегодной Премии акима Карагандинской области «Алтын Сұңқар».

К участию в конкурсе приглашаются работники средств массовой информации, осуществляющие свою деятельность на территории Карагандинской области.

Премия присуждается по следующим номинациям с учетом указанных критериев:

Специальная премия акима области «За вклад в развитие Карагандинской журналистики» - за особые заслуги в развитии журналистики. Премия может вручаться конкретному журналисту или коллективу;

«За верность профессии» - стаж профессиональной деятельности более 20 лет, наличие наград, почетных грамот, знаков отличий в области средств массовой информации, рекомендации-характеристики общественных организаций, профессиональных союзов, религиозных объединений, учреждений и ведомств Карагандинской области;

«За активную жизненную позицию» - за пропаганду и воспитание высоких общечеловеческих ценностей, уважения к старшему поколению, прославление подвигов ветеранов войны и труда, пропаганду общественного порядка, соблюдения норм культуры и поведения, укрепления общественной безопасности, бережливого отношения к окружающей среде;

«Мастер объектива» - критерием для определения победителей в данной номинации является художественная ценность материала, нестатичность и динамика изображения, соответствие фото/видеоизображения информации, которую он сопровождает;

«Лучшее освещение сельской тематики» - качественное и количественное освещение достижений в сфере сельского хозяйства, направленное на пропаганду и развитие сельских регионов, агропромышленного сектора экономики Карагандинской области и всего Казахстана в целом;

«Лучшее освещение социальной тематики» - качественное и количественное освещение социальной тематики в сфере здравоохранения, образования, культуры, спорта, социальной ответственности бизнеса, а также оригинальность подачи материала и профессионализм;

«Лучшее освещение производственной тематики» - качественное и количественное освещение темы поддержки предпринимательства, развития малого и среднего бизнеса, индустриально-инновационной политики, кластерной инициативы;

«За первые успехи» - компетентность, профессионализм начинающего журналиста в освещении поднятых им вопросов, получившего признание коллег, творческих союзов, общественных объединений, оформленных в виде рекомендации-характеристики;

«Лучшая творческая работа года» - номинация за лучшую идею, программу, акцию, творческий подход в организации СМИ и/или отдельного проекта, серии материалов;

«За стиль и функциональность» - номинация для технических и творческих работников: звукорежиссеров, режиссеров, корректоров, верстальщиков, инженеров, дизайнеров, видеоинженеров, обладающих высоким профессионализмом;

«За лучшее освещение и пропаганду тематики «Человек труда» - качественное и количественное освещение темы трудовых династий, биографий о той или иной трудовой семье, жизни и деятельности передовиков производства, сельского хозяйства, работников социальной сферы. Материалы этой номинации должны воодушевлять читателей и зрителей на трудовые свершения, воспитывать уважение к труду, к людям, обладающим высокими профессиональными качествами, прославляющим свой край.

Премия присуждается на конкурсной основе по решению Комиссии по отбору лауреатов премии Акима Карагандинской области.

Представление кандидатур на рассмотрение Комиссии на соискание премии производится редакциями газет и журналов, акимами городов и районов области, а также самостоятельно журналистами и сотрудниками СМИ. К представлению прилагаются:

- краткая биографическая информация;

- 3 разные, художественные фотографии;

- перечень информационных материалов. Один автор может представить несколько материалов, но не более пяти. Принимаются материалы в различных жанрах (очерк, интервью, статьи, телевизионные и радиопередачи, социальные расследования и другие), а также циклы публикаций и передач.

Публикации должны быть представлены в оригинале (предпочтительнее полное издание) или ксерокопии материала (с указанием издания, даты и полных контактных данных автора), радиопередачи и телепередачи — в аудиозаписи (в виде обычных аудиокассет) и видеозаписи (дискеты cd/dvd) соответственно, с указанием компании и времени выхода в эфир.

Биографическая информация также должна быть направлена на электронный адрес: devvp_smi@mail.ru.

Заявки принимаются в период с 28 мая по 17 июня 2015 года по адресу: г. Караганда, ул. Алиханова, 13, каб. 410 (управление внутренней политики).

Отдел внутренней политики города Приозерск

ПРАВИЛА ПОВЕДЕНИЯ НА ВОДЕ ДЛЯ ДЕТЕЙ

Лето – время отдыха. У детей школьного возраста наступают такие долгожданные каникулы, а малыши, которые посещают детский сад, теперь тоже имеют много свободного времени. Поэтому родители, всячески пытаясь разнообразить досуг своего ребенка, везут их на пляж. Да и кто из взрослых не знает, что вода полезна для здоровья? Тут и закалка, и физическая нагрузка...

Море, солнце и песок – казалось бы, что нужно ребенку для счастья? Но, сложно учесть все неприятности и беды, которые поджидают каждого малыша у озера. Особенно, если ребенок плохо плавает или же вовсе не умеет

плавать. Поэтому, очень важно, чтобы родители заранее проинструктировали своих малышей по поводу правил поведения детей на воде.

Правила безопасного поведения детей на воде не многим отличаются от правил для взрослых, но, все же, некоторые отличия есть.

Ребенку должно быть категорически запрещено не только купаться, но и находится недалеко от озера или приближаться к нему, если поблизости нет родителей.

Никогда не оставляйте малыша под присмотром чужих людей.

Ни в коем случае нельзя играть в местах, где можно упасть на воду.

Ребенку нельзя купаться в глубоких местах, не только если он плохо плавает или неуверенно держится на воде, но даже если он отличный пловец. Не стоит разрешать ребенку заплывать на глубину даже в присутствии родителей.

Ни в коем случае не нырять в незнакомых местах.

Категорически запретите детям прыгать в воду с обрывов или других возвышений.

Буйки созданы для того, чтобы отмерить безопасное расстояние на озере, дальше которого нельзя заплывать.

На воде категорически запрещены игры, во время которых нужно захватывать и топить других. Нырять для того, чтобы схватить кого-то за ноги тоже не желательно. Испуганный человек может нечаянно нанести шутнику серьезную травму.

Знаки с надписями «Купаться строго запре-

щено» тоже не просто так стоят.

Никогда не нарушайте этого запрета.

Как видите, вода – это и полезно, и опасно. Особенно если вы приходите с детьми. Так получается, что о правилах поведения детей на воде нужно знать в первую очередь самим родителям, а уж только потом детям. Будем честны – они все равно эти правила игнорируют. Вам придется уделить своему чаду максимум внимания, чтобы подобный отдых принес максимально положительный результат.

Будьте дисциплинированными на воде!

Не подвергайте свою жизнь и жизнь ваших детей опасности!

Т.Жадрасинова,

главный специалист отдела по ЧС

г.Приозерск,

капитан противопожарной службы



Назар аудар, конкурс!

Внимание, конкурс!

«BALA TURKVIZYON-2015» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАР ӘНІ БАЙҚАУЫ

Бүгін Алматыда заманауи түркі тілдес елдердің тарихындағы алғашқы және жалғыз «Bala Turkvizyon» (Детский Turkvizyon) Халықаралық балалар әні байқауының өз бастауын алғаны жарияланды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасының қолдауымен Әлия Назарбаеваның «Жандану әлемі» жеке қоры байқаудың ұлттық іріктеуін ұйымдастырушы болып ат салысты.

Конкурстың концепциясы елдің барлық өңірінен келген дарынды балаларды ашу және оларға қолдау көрсету арқылы түркі халықтарының бірігу идеясын жүзеге асырады. Алматыда өткен баспасөз конференциясында ұйымдастырушылар 8 маусымнан бастап 1 тамызға дейін бүкіл Қазақстан бойынша байқауға қатысушыларды іріктеудің жүргізілетіндігін хабарлады. «BALA Turkvizyon-2015»-ке қатысуға 8 жас пен 13 жас аралығындағы балалар жіберіледі. Күзде түркі әлемінің астанасы Мары (Түрікменстан) қаласында өтетін «Bala Turkvizyon» Халықаралық балалар байқауының Гранд-финалына жолдама Ұлттық сатының басты жүлдесі ретінде болмақ.

Халықаралық жоба 2013 жылғы 30 мамырда Алматы қаласында өтетін гала-концертте салтанатты түрде өз бастауын алатын болады, мұнда эстрада жұлдыздары мен жас музыканттардың орындауындағы әйгілі қазақстандық хиттер шырқалады. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасының қоры «Хабар» телеарнасының эфирінде 1 маусымда көрсетілетін концерттің бас әріптесі болып табылады.

Тұрғылықты жеріне тәуелсіз кез келген бала Қазақстандағы «Bala Turkvizyon»-н қатысушысы бола алады. Қазақстанның 16 жас әртісі өз туған өңірлеріндегі кастингтерді өткізеді, олардың ішінде – Маржан Арапбаева, Ринат Малцагов, Дастан Оразбеков, Камшат Жолдыбаева және т.б. бар. Өңірлік іріктеу нәтижелері бойынша 16 қатысушы анықталып, әртістердің әрқайсысы жобаға қатысатын бір-бір конкурсанттың продюсеріне айналады. Іріктеудің қалай жүріп жатқанын Байқаудың күнделігін

көрсететін қазақстандық телеарналардың эфирінен тамашалауға болады.

Әрбір өңірде көп балалы және тұрмысы төмен отбасыларынан шыққан 3 дарынды баладан анықталып, олар Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасының қоры тағайындаған сыйлықты иеленеді.

«Шығармашыл жастарға қолдау көрсету Қор қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Біз барлығымыз өз балаларымыздың табысқа қол жеткізуін қалаймыз. «BALA Turkvizyon» байқауы – бүкіл әлемге өз дарынындағы көрсетудің бірегей мүмкіндігі. Біз Қордың Қазақстанның түпкір-түпкірінен келген дарынды балаларға кезекті рет қолдау көрсетіп отырғанын мақтан тұтамыз», – деп атап өтті Сағындық Нұраханов, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы қорының атқарушы директоры.

Барлық байқауға қатысушылар жұлдызды үйде тұрады. Қазақстан мен ТМД-н ең үздік ұстаздары оларды вокалдық және әртістік шеберлікке, сахнадағы қозғалыстарға және хореографияға үйретеді. Байқауға арнап әдейі 16 жаңа композиция жазылып, Астана қаласындағы финалдық концертте олардың тұсауы кесіледі.

Финалда қазылар алқасының мүшелері байқаудың жеңімпазын анықтап, ол «Bala Turkvizyon»-н гранд-финалында Қазақстан Республикасын танытуға аттанады. Байқауға қатысушылар сыйлықтар мен гранттардың лауреаттарына айналады және өз оқуларын жалғастырып, бұдан әрі ұштала түсу мүмкіндігіне ие болады.

Анықтама:

«Bala Turkvizyon» халықаралық ән байқауы - «Turkvizyon» Халықаралық түркі тілдес ән байқауының баламасы, басты артықшылығы орындаушылар ретінде жасы 15-ке дейінгі балалар ән шырқайды. Байқаудың аудиториясы кең ауқымды – шамамен 300 миллион телекөрсеткіш. 2014 жылғы байқауға 20-дан астам түркі мемлекеті қатысты. Жанар Дуғалова өзінің «Ізін көрем» әнімен «Turkvizyon-2014» байқауының жеңімпазы болып танылды.

ҚР Президентінің жанындағы ОКҚ

ДЕТСКИЙ ПЕСЕННЫЙ КОНКУРС «BALA TURKVIZYON-2015»

В Алматы объявлен запуск первого и единственного в истории современных тюркоязычных стран Международного детского песенного конкурса «Bala Turkvizyon» (Детский Turkvizyon). Организатором национального отбора конкурса выступил Частный фонд Алии Назарбаевой «Жандану әлемі» при поддержке Фонда Первого Президента Республики Казахстан – Лидера Нации.

Концепция Конкурса реализует идею единения тюркских народов через раскрытие и поддержку талантливых детей из всех регионов страны. На пресс-конференции в Алматы организаторы сообщили, что с 8 июня по 1 августа по всему Казахстану состоятся конкурсные отборы участников. К участию в «BALA Turkvizyon-2015» допускаются дети от 8 до 13 лет. Главным призом Национального этапа станет путевка на Гранд-финал Международного детского конкурса «Bala Turkvizyon», который состоится осенью в столице тюркского мира г.Мары (Туркменистан).

Международный проект будет торжественно запущен 30 мая 2015 года в Алматы на гала-концерте, где прозвучат известные казахстанские хиты в исполнении звезд эстрады и юных музыкантов. Генеральным партнером концерта, который будет показан 1 июня в эфире телеканала «Хабар», выступает Фонд Первого Президента Республики Казахстан-Лидера Нации.

Участником «Bala Turkvizyon» в Казахстане сможет стать любой ребенок вне зависимости от места проживания. Кастинги в своих родных регионах будут проводить 16 молодых артистов Казахстана, среди которых – Маржан Арапбаева, Ринат Малцагов, Дастан Оразбеков, Камшат Жолдыбаева и др. По результатам регионального отбора будет определено 16 участников, и каждый из артистов станет продюсером одного из конкурсантов на проекте. За ходом отбора можно будет следить в эфире казахстанских телеканалов,

где будут транслироваться дневники Конкурса.

В каждом регионе также определят по 3 талантливых ребенка из многодетных и малообеспеченных семей, которые станут обладателями премий от Фонда Первого Президента Республики Казахстан – Лидера Нации.

«Одним из ключевых направлений деятельности Фонда является поддержка творческой молодежи. Мы все хотим, чтобы наши дети добились успеха. Конкурс «BALA Turkvizyon» – это уникальный шанс показать свой талант всему миру. И мы гордимся, что Фонд в очередной раз поддержит одаренных детей со всего Казахстана», – отметил Сағындық Нұраханов, исполнительный директор Фонда Первого Президента Республики Казахстан – Лидера Нации.

Все конкурсанты будут жить в звездном доме. Лучшие педагоги Казахстана и СНГ обучат их вокальному и актерскому мастерству, сценическим движениям и хореографии. Специально для Конкурса будет написано 16 новых композиций, которые будут презентованы в сентябре на финальном концерте в Астане.

В финале члены жюри определят победителя конкурса, который отправится представлять Республику Казахстан в Гранд-финале «Bala Turkvizyon». Конкурсанты станут лауреатами премий и грантов, получат возможность продолжить свое обучение и развитие.

Справка:

Международный песенный конкурс «Bala Turkvizyon» - аналог Международного тюркоязычного песенного конкурса «Turkvizyon», с тем отличием, что в качестве исполнителей выступают дети до 15 лет. Аудитория конкурса около 300 миллионов телезрителей. В 2014 году в конкурсе участвовало более 20 тюркских государств. Победительницей конкурса «Turkvizyon-2014» стала казахстанка Жанар Дуғалова с песней «Ізін көрем».

СЦК при Президенте РК

Басты мақсат - жол жүру ережесін сақтау!

ҮЗДІКТЕР ТӨП ЖАРДЫ

Мамыражай мамыр айының соңғы онкүндігінде №1 жалпы білім беру мектебінің спорт залында 12-14 жас аралығындағы оқушылар арасында жеткіншек жол инспекторларының қалалық байқауы болып өтті.

Аталған байқауға қаламыздағы №1 жалпы білім беру орта мектебі мен №2 мектеп-балабақша кешенінің оқушылары жұмылдырылған болатын. Мектеп қабырғасындағы білім алушы оқушылардың арасында мектепке келу мен үйлеріне қайтар жолда жол жүру ережесін сақтау, жаяу жүруде бағдаршам белгілеріне мұқият болу мен адам өтетін жолақтарда сақ болуды насихаттау мақсатында ұйымдастырылған байқауда №1 жалпы білім беру орта мектебінің «Бағдаршам» тобы асқан біліктілік танытып, жүлделі бірінші орынды жеңіп алды. Аталмыш топтың оқушылары байқау шартына сәйкес: саптық байқау, жас веложүргізуші, жас реттеуші, жас санитар, жол қозғалысы ережесінің білгірлері, ән және жолда жүру ережелерін үгіт-насихаттау байқауы түрлерінен алдарына жан салмады. Белгіленген номинациялардың бірде-бір түрін қарсылас топтың уысына жібермеген «Бағдаршам» тобы, осы жылдың

маусым айының ортасында Қарағанды қаласында өтетін 16-шы облыстық жас жол инспекторлары жасағының кезекті байқауына қатысу жолдамасына ие болды.

«Бағдаршам» атты жас жеткіншектерден құралған жол инспекторлар жасағының іргетасы 2012-2013 оқу жылы барысында №1 жалпы білім беру мектебінде қаланған еді. Аз ғана уақыт ішінде өзінің өрісін кеңейтіп үлгерген топтың қол жеткізген табыстары ауыз толтырып айтуға тұрарлық. Атап айтар болсақ, жас жол инспекторларының қалалық байқауында «Бағдаршам» тобы соңғы 3 жыл ішінде алдарына жан салмай келеді. Сонымен қатар, 2014 жылдың сәуір айында Қарағанды облысының Қарқаралы қаласында өткен 15-ші облыстық байқауда бақтарын сынап, жүлделі 3-ші орынды иеленіп те үлгерді. Топ құрамының аяғынан тік тұруына аянбай тер төгіп жүрген ұстаздар қауымы да баршылық. Атап айтқанда, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г. Рахаева жас жеткіншектерді жеңіске жетуге жігерлендірсе, әскери саптық адымдармен жүруге дайындалған алғашқы әскери дайындығы пәнінің мұғалімі Б. Сәденов оқушыларды әскери-саптық адымдармен жүруге дайындауда ерекше дем беріп келеді.



Жоғары деңгейде ұйымдастырылып өткізілген қалалық байқаудың қорытындысы бойынша «Бағдаршам» тобынан «Үздік реттеуші» болып 6 «а» сынып оқушысы Н.Алшымбеков танылса, 7 «ә» сынып оқушысы Д.Мухамеджанова байқаудың «Үздік санитары» атанды. Ал, топ мүшелерінің бір арнаға тоғысуында орындалған «Жол сақшыларының жыры» атты әні өзінің келіскен мақамында орындалып, «Үздік ән» жүлдесін ұтып алды. Айта кетерлік жәйт, «Жол сақшыларының жыры» әнінің сөзін мектептегі орыс пәні бойынша жетекшілік ететін ұстаз О. Айтбенбетов

«Бағдаршам» тобына арнайы жазған екен. Бұл да болса ұстаздың қарамағындағы білім алушы оқушыларға деген ағалық қамқорлығы деп білуге тиіспіз.

Ендігі меже - биылғы жылдың алдағы маусым айында Қарағанды қаласында өтетін облыстық жас жол инспекторларының байқауында жүлдегерлер қатарынан көріну. Олай болса, қаламыздың жас жеткіншектерден құралған «Бағдаршам» тобына мерейлерінің үстем болуын тілейік!

Т. Кенжебеков



ТУРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ШЫҒАРУ ТАРИФІНІҢ ӨЗГЕРУІ ТУРАЛЫ

2011 жылдың 22 қарашадағы № 1370 Қазақстан Республикасы үкіметінің қаулысымен бекітілген «Коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгі қағидаларына» сәйкес елді мекендер үшін коммуналдық қалдықтардың жинақталу нормаларын бекітуді жергілікті өкілді органдар бес жылда кемінде бір рет не жергілікті атқарушы органдардың бастамасы бойынша, бірақ екі жылда бір реттен жиі емес жүргізеді.

Осыған байланысты «Қарағанды облысы Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің тапсырысы бойынша, Қазақстан Республикасы үкіметінің қаулысымен бекітілген «Коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын есептеу» ережесіне сәйкес «Приозерск қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары» әзірленіп қалалық малхаттың шешімімен бекітілді.

Приозерск қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларына сәйкес коммуналдық қалдықтарды шығару тарифы.

КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ШЫҒАРУ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ТАРИФЫ

№ п/п	Коммуналдық қалдықтардың жиналу нысандары	Есепті бірлік	Тариф тг.(м3)	жинақталу нормалары	
				жылына 1 адам басына (м3)	айына 1 адам басына (м3)
1	Абаттандырылған тұрғын үй	1 тұрғын	1089	2,05	0,171
2	Абаттандырылмаған тұрғын үй	1 тұрғын	1089	3,56	0,297
3	Жатақханалар	1 орын	1089	0,89	0,074
4	Қонақ үйлер	1 орын	1089	2,59	0,216
5	Бала бақшалар	1 орын	1089	0,44	0,037
6	Мекемелер, ұйымдар, кеңселер, конторлар, жинақтаушы банктер	1 қызметкер	1089	2,03	0,169
7	Емханалар	1 келіп-кету	1089	0,36	0,03
8	Ауруханалар	1 төсек-орын	1089	0,97	0,081
9	Мектептер	1 оқушы	1089	0,16	0,013
10	Мейрамханалар, кафе, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыру орны	1089	2,54	0,212
11	Кинотеатрлар, концерт залдары	1 отыру орны	1089	0,25	0,021
12	Спорт, би ойын залдары	1 м² жалпы аудан	1089	0,24	0,02
13	Азық - түлік дүкендері	1 м² сауда аудан	1089	2,33	0,194
14	Өндірістік тауарлар дүкені	1 м² сауда аудан	1089	0,32	0,027
15	Супермаркеттер	1 м² сауда аудан	1089	1,29	0,108
16	Базарлар	1 м² сауда аудан	1089	1,68	0,14
17	Жағажай	1 м² жалпы аудан	1089	0,12	0,01
18	Деріханалар	1 м² жалпы аудан	1089	0,43	0,036
19	Автоұрақтар, автожуу, ЖҚБ, гараждар	1 келік орны	1089	3,46	0,288
20	Автошеберханалар	1 жұмыскер	1089	5,47	0,456
21	Шаштараздар, сұлулық салондар	1 жұмыс орны	1089	1,46	0,122
22	Тұрмыстық техниканы жөндеу, тігін ательелері	1 м² жалпы аудан	1089	0,62	0,052
23	Аяқ киім, сағат жөндеу шеберханалары	1 м² жалпы аудан	1089	1,31	0,109
24	Ұсақ жөндеу және қызметтер (кілттерді жөндеу және т.б.)	1 жұмыс орны	1089	1,31	0,109
25	Моншалар, сауналар	1 м² жалпы аудан	1089	1,22	0,102
26	Қала аумағында бұқаралық іс-шаралар ұйымдастыратын заңды тұлғалар	1000 қатысушы	1089	0,41	0,034

ОБ ИЗМЕНЕНИИ ТАРИФОВ НА ТВЕРДЫЕ КОММУНАЛЬНЫЕ ОТХОДЫ

Согласно «Типовых правил расчета норм образования и накопления коммунальных отходов», утвержденных Постановлением Правительства Республики Казахстан от 22 ноября 2011 года № 1370, утверждение норм накопления коммунальных отходов для населенных пунктов производится местными представительными органами не реже чем один раз в пять лет, либо по инициативе местных исполнительных органов, но не чаще, чем один раз в два года.

В связи с этим, государственным учреждением «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Приозерск», в соответствии с данными «Правилами расчета норм образования и накопления коммунальных отходов» разработаны «Нормы образования и накопления коммунальных отходов по городу Приозерск» и утверждены решением Маслихата города.

В связи с чем, отдел ЖКХ,ПТиАД акимата г.Приозерск публикует для сведения населения тарифы на вывоз твердых коммунальных отходов по городу Приозерск, согласно утвержденным нормам образования и накопления коммунальных отходов.

ТАРИФЫ НА УСЛУГИ ПО ВЫВОЗУ ТВЕРДЫХ КОММУНАЛЬНЫХ ОТХОДОВ

№ п/п	Наименование	Единицы измерения	Тариф тг.(м3)	Нормы накопления	
				на 1 чел. в год.(м3)	на 1 человека в месяц (м3)
1	Благоустроенный жилой фонд	1 житель	1089	2,05	0,171
2	Неблагоустроенный жилой фонд	1 житель	1089	3,56	0,297
3	Общезития	1 место	1089	0,89	0,074
4	Гостиницы	1 место	1089	2,59	0,216
5	Детские сады	1 место	1089	0,44	0,037
6	Учреждения, организации, офисы, конторы, сберегательные банки	1 сотрудник	1089	2,03	0,169
7	Поликлиники	1 посещение	1089	0,36	0,03
8	Больницы	1 койко-место	1089	0,97	0,081
9	Школы	1 учащийся	1089	0,16	0,013
10	Рестораны, кафе, учреждения общественного питания	1 посадочное место	1089	2,54	0,212
11	Кинотеатры, концертные залы	1 посадочное место	1089	0,25	0,021
12	Спортивные, танцевальные и игровые залы	1 м2 общей площади	1089	0,24	0,02
13	Продовольственные магазины	1 м2 торговой площади	1089	2,33	0,194
14	Промышленно-товарные магазины	1 м2 торговой площади	1089	0,32	0,027
15	Супермаркеты	1 м2 торговой площади	1089	1,29	0,108
16	Рынки	1 м2 торговой площади	1089	1,68	0,14
17	Пляж	1 м2 общей площади	1089	0,12	0,01
18	Аптеки	1 м2 торговой площади	1089	0,43	0,036
19	Автостоянки, автомойки, автозаправочные станции, гаражи	1 машино-место	1089	3,46	0,288
20	Автомастерские	1 работник	1089	5,47	0,456
21	Парикмахерские, косметические салоны	1 рабочее место	1089	1,46	0,122
22	Ремонт бытовой техники швейные ателье	1 м2 общей площади	1089	0,62	0,052
23	Мастерские по ремонту обуви, часов	1 м2 общей площади	1089	1,31	0,109
24	Мелкий ремонт и услуги	1 рабочее место	1089	1,31	0,109
25	Бани, сауны	1 м2 общей площади	1089	1,22	0,102
26	Юридические, организующие массовые мероприятия на территории города	1000 участников	1089	0,41	0,034

ИНФОРМАЦИЯ

О ДОХОДАХ, ДВИЖИМОМ И НЕДВИЖИМОМ ИМУЩЕСТВЕ ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ

(окончание. начало на стр.6)

Руководитель ГУ «Отдел образования г.Приозерск» Касимова Гуля Кенесовна:
 Годовой доход за 2014 год - 2 131 877 тг.
 Имущество, находящееся на праве собственности: 2-х комнатная квартира в г.Караганда, жилой дом в г.Приозерск.

Руководитель ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» Ким Анна Лукинична:
 Годовой доход за 2014 год - 1 824 967 тг.
 Имущество, находящееся на праве собственности: автомобиль.

Руководитель ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск» Айдарханов Темирхан Айдарханович:
 Годовой доход за 2014 год - 2 063 373 тг.
 Имущества, находящегося на праве собственности, не имеет.

Руководитель ГУ «Отдел строительства города Приозерск» Есенжолов Жакен Оралканович:
 Годовой доход за 2014 год - 2 626 737 тг.
 Имущество, находящееся на праве собственности: частный дом в городе Приозерске, 1 гараж, автомобили марок Mercedes-benz и ЗИЛ-ММЗ - 4502.

Руководитель ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск» Букпантаев Серикбай Турсынбекович:
 Годовой доход за 2014 год - 1 100 522 тг. Имущества, находящегося на праве собственности, не имеет.

Руководитель ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» Исатаев Алтай Насипбекович:
 Годовой доход за 2014 год - 2 014 646 тг. Имущества, находящегося на праве собственности, не имеет.

Руководитель ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков» Шарбекова Гульжахан Кайроллиновна:
 Годовой доход за 2014 год - 2 171 762 тг.
 Имущество, находящееся на праве собственности: 1-комнатная квартира в городе Балхаш.

Руководитель ГУ «Отдел ветеринарии города Приозерск» Калмурзина Ботакоз Жоламановна:
 Годовой доход за 2014 год - 2 085 786 тг.
 Имущества, находящегося на праве собственности, не имеет.

Руководитель ГУ «Приозерское городское управление казначейства Департамента казначейства по Карагандинской области КК МФ РК» Манаков Талант Даулетбекович: Годовой доход за 2014 год составил 1 848 094,00 тенге, на праве собственности имеет автомобиль марки БМВ-320, недвижимое имущество не имеет.

